

WORLOSKILLS KAZAKHSTAN

Шеберлікті танытатын емтихан

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында техникалық және кәсіптік білімнің тартымдылығын арттыру мәселесі айрықша атап айтылған. Себебі құзыреттіліктің әмбебап жиынтығы, кәсіби дағдылары мен жүйелі ойлауы бар болашақ кадрларды қалыптастыру – бұл біздің мемлекетіміздің экономикасын заманауи жаңғыртудың қажетті шарты.

«WorldSkills Kazakhstan» қозғалысы кәсіби даярлық пен сапалы білім беруге бағытталғаны баршамызға белгілі. Бүгінгі таңда бұл бағыттағы шаралар барлық өңірлерде жүзеге асырылуда. WorldSkills талаптары бүкіл өлемде танылған. Бұл әр мамандық үшін параметрлердің массасын ескеретін баллдарға бағалау жүйесі. Биылғы жылы осы тәсіл бойынша студенттердің тәжірибелі дағдыларын сапалы және кешенді бағалауға бағытталған демонстрациялық ем-

тихан түріндегі қорытынды бағалау жүйесі басталды. Жаңаша сынақ колледж түлектерінің белгілі бір салада кәсіби қызмет жүргізуге және халықаралық стандарттарға сәйкес нақты мамандық бойынша жұмысты орындауға мүмкіндік беретін білім және тәжірибе деңгейін анықтау мақсатында ұйымдастырылуда. Көрсету емтихандарын қабылдаудың жаңа жүйесіне көшуіне өңірлік және ұлттық чемпионаттары негіз болды.

Біздің тағылымды тарихы бар колледж де халықаралық чемпионаттардың қатысушысы. Сондықтан қорытынды көрсету емтиханын өлгізу бойынша пилоттық жобаға жолдама алдық.

«Радиозлектроника және байланыс» мамандығы бойынша колледждің бес түлегі (А.Шенкоп, Ә.Жанбек, Ж.Бақтыбек, А.Ақжігіт, Р.Беспалов) емтихан тапсырды. Байқау тапсырмаларын арнайы пәндер оқытушылары Т.Гордеева мен Р.Сайлаубаева әзірледі. «Ақпараттық желілер» («Information Network Cabling») техникалық сипаттамасының барлық талаптарын ескере отырып, емтихан тапсырушылар берілген кестеге сәйкес талшықты-оптикалық байланыс желісі (ТОБЖ) учаскесінің монта-

жын, сондай-ақ оптикалық талшықтарды дәнекерлеуді көрсетті.

Тапсырмаларды орындау сапасы мен уақытын емтихан комиссиясы және тәуелсіз сарапшылар («Қазақтелеком» АҚ филиалы – Шығыс аймақтық телекоммуникация дирекциясының басшылары мен бас мамандары, К.Мубаракوف – Жергілікті желілерге техникалық қызмет көрсету орталығының басшысы, А.Шаймарданов – техникалық блок монтеры, С.Погудин мен И.Горбенко – ЦТОМС электроме-

ханигі) және колледжімізден өзін бағаладық. Соңғы нәтиже қатысушыларды қанағаттандырды. Арнайы жұмыс тобының бағалаушылары әлеуметтік серіктестердің білім беру мекемелерімен жемісті ынтымақтастығын, түлектердің білімі мен дағдыларының жоғары деңгейін, тапсырмаларды орындаудың үйлесімділігі мен сапасына тоқталды.

Сарапшылардың пайымына сүйенсек бұл емтихан – әлемдік стандарттар жағдайындағы шеберлік көрсеткіші және әлеуетті жұмыс беруші болашақта тек мына маманмен: компетенциялар мен балл диапазоны бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Қорытынды демонстра-



циялық емтиханның пилоттық жобасы – бұл жұмыс кадрларын сапалы қалыптастыру мен іріктеуді бастау.

Уақыт өлемдік жүйе шеңберінде жаңа ойлау маманын оқытуды талап етеді. WorldSkills стандарттарының орта техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларына кіргізу – еңбек нарығындағы сұранысқа сай кәсіби маманның қатарын көбейтудің

құтқарып қадамы.

«WorldSkills Kazakhstan» қозғалысының басты ұстанымы ел экономикасының әлеуетін арттыру.

Марат НЫҒМЕТОВ,
Павлодар жоғары электроника және коммуникациялар колледжінің директоры,
Светлана БРАЛИНОВА,
«АТ және байланыс» бөлімінің меңгерушісі

БАЛА ТӘРБИЕСІ

Ананың құрсағынан сусындап,

Қазақ отбасында балаға тілі шығып, анық сөйлей бастаған кезден-ақ, ағайын-туысты, нағашы жұртын, ата-тегін, ру шежіресін, ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлені. «Жеті атасын біл» заң болған. Ата-бабаларымыз өз тегінің шығу тарихын білуді оның азаматтық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады деп есептеген.



Атыа РАМАЗАНОВА,
«Өрлеу» БАҰО» АҚ
Маңғыстау облысы бойынша филиалы, Білім беру үдерісін педагогикалық-психологиялық қолдау кафедрасының аға оқытушысы, тренер

Отбасы мүшелері балаға тек жеті атасына дейінгі бабаларының атын жаттатып қана қоймаған. Олардың қандай адам болғанын, өнегелерін үлгі етіп отырған. Өрі сол арқылы отбасы шежіресін жалғастыруға баулуды мақсат еткен. Ұрпақтарға сабақтасқан өнегелер жеке бастық мінез-құлық мен руха-

ни мәдени құндылықтарын қалыптастырудың баспалдақтары болады. Мәдени құндылықтары ретінде жетілген адам, яғни «Сөз қырлы, бір сырлы адам» тәрбиелеу, Отанды, халқын, жерін, елін сүю. «Атаның ұлы емес, халықтың ұлы» тәрбиелеу, «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп айта алатын адал, арлы азамат тәрбиелеу, «Жеті атасын білмеген жетесіз», кемі жеті атасына дейін білуге тәрбиелеу, Отбасы шежіресі және мұрагерлік (туыстық қарым-қатынас, үш жұрт, отбасындағы көңке ұлдың ерекше рөлі), ата-баба дәстүрін жалғастыруды айтуға болады.

Жаңа туған бала өзі өмірге келген күннен бастап таңның нұрымен оянады екен. Осы кезде кейбір жас келіндер баламен бірге оянудың орнына оның қақ маңдайынан жейіп сипаса қайтадан ұйықтап қалады деген достарының ақылын тыңдап, баланы қайтадан ұйықтатуға тырысады. Бұл баланың жүйкесіне кері әсерін тигізеді. Нәресте құрсаққа біткенге дейін, болашақ ұрпақты жоспарлаудағы аса маңызды тәрбие саласы, болашақ өке мен шешенің ата-ана мәртебесіне, соған сай жауапкершілігін атқаруға психологиялық дайындығы. Яғни ата-аналардың бір-біріне деген махаббаты, сүйіспеншілігі, бірін-бірі аялауы мұның барлығы тылсым күшке ие. Осындай түсіністік пен дайындықтан сәби барлық махаббат атаулыны сезіп, одан қуат алып жаралады және ана құрсағында адал нәрге сусындап дамиды. «Махаббатсыз туылған ұл ел басқармас», - деп халық текке айтпаған. Бала анасының жатырына бекіген күннен бастап анасының психологиялық қолдауымен дами бастайды. Ана құрсағындағы тоғыз

ай тәрбие ана тілі сабағының кіріспесі болып табылады. Бұл кезеңде әр сағат, әр күн, әр айдың өз киесі бар. Егер біз бала тәрбиесіне жанымыз ашпайтын болса, аяғы ауыр жас анаға қорам да, отбасы да жан-жақты қолдау көрсетуге міндетті.

Балаға тектілік болашақ өке мен ананың көмекшісі болғандықтан дейінгі немесе жұбайлық өмірге дейінгі іс-әрекет, мінез-құлқымен беріледі. Яғни болашақ сәби сол іс-әрекеттерді қайталайды. Қастерлі қасиет отау құрған өкі жастың рухани және тән тазалығының қандай дәрежеде өккендігіне байланысты. Баланың дене бітіміне, бойындағы ерекше көзге түсер белгісіне қарап, сынап, оның болашақта қандай адам, азамат болатындығына жан-жақты психологиялық сипаттама, оның тағдырына болжам берген. Мысалы, бір құлағы өкінішсінен үлкен болса – күлші, саусағы ұзын болса – биші, желкесінің шұңқыры үлкен болса – жалқау бармағы қайғы болса – шебер болар деген болжамдар айтқан. Балаға сын айту – ежелден келе жатқан халық мектебінің дәстүрі. Кемегер ақын А.Құнанбаев, М.Әуезовті ең алғаш көргенде болашақта үлкен гүлғама адам болатынын кескін-келбетіне, тұр-сипаты мен болмысына қарап, психологиялық сипаттама берген. Байырғы бабаларымыз баланды бес жасқа дейін ханыңды көр – тыйма, бестен он бес жасқа дейін құлшыңа жұмсап, қосыңдай сана – қина, он бестен ары қарай құрғы досыңдай сырлас – сыяла деген. Осы мәңгілік мұраларды мектептердегі тәртіпті пайдалану арқылы бәсекеге қабылетті әрі жан-жақты дамыған тәуелсіздіктің туын биік ұстайтын тарпаң тұлғалар танылатын ұл-қыздарды тағылымды тәрбиелей аламыз.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПАҰЫМ

Әрбір ата-ана мұғалім

ана. Халқымыз «Балапан ұяда не көрсетсе, ұшқанда соны іледі» деп бекер айтпаған. Жақсы тәрбие баланың санасында мәңгі мөрленіп қалады. Ол кейін оның бүкіл өміріне азық болады.

Әрбір ата-ана табиғатынан, болмысынан педагог болып жаралған. Өке және ана педагогикалық мамандықтың мәні. Бірақ бұл мамандық ерекше. Өке мен ана өз балаларының басты тәрбиешісі, басты ұстазы. Жаратқанның біздің басымызға жазған қарызынан құтыла алмаймыз. Керісінше жасамақ, күне, сағатыңдық болар еді. Өз балаларымызды тәрбиелей отырып, біз жаратқанға қызмет еткендей боламыз.

Балаларды тәрбиелеуде ата-ананы кімдер алмастыра алады? Мүмкін бала күтушілер,

бізге тек көмектесе алуы мүмкін. Бірақ балаға анасы мен әкесінің орнын ешкім алмастыра алмайды. Сізге қандай да бір педагогикалық мамандықтың дипломы жоқтығын естен шығарыңызшы. Бізге бұл дипломдар қажет емес, жаратушының өзі біздің қамқорлығымызға баланы сеніп тапсырып, тамаша жоғары біліктілікті беріп қойған.

Егер де біреу «Мен мұғалім емеспін» деп айтатын болса, ол өз жауапкершілігінен қашқаны, яғни, бала тәрбиелеуде жіберген қателіктерін ақтап алғысы келгендігі. Олай айтқаны «Кешіріңіз мені, бала тәрбиелеу менің қолымнан келмей жатыр» дегені. Біз білімділікті – ата-аналық жүрегімізден іздеп көрейікіші.

Гүлдана ТАСҚАЛИЕВА,
Шалға Амонашвилидің
«Отбасы тәрбиесі өнері»
кітабынан аударма жасаушы

ОНЛАЙН БАЙҚАУ

«Мерейлі мекен – Елордам»

Елорда күніне орай осындай атаумен облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы білім алушыларды шығармашылық әрекетке тарту, дарынды балаларды анықтау және қолдау, оларды танымдық қызығушылықтарға ынталандыру мақсатында облыстық қашықтық интернет байқауын ұйымдастырды.

Шараға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысты. Байқау ережесіне сәйкес қатысушылар жұмыстарын инстаграм желісінде орналастырып, барлығы алты жұмыс қаралды. Үздік жеңімпаздар ретінде Маңғыстау ауданынан Дамир Амангелдин, Ақбота Қайыр және Мүзметір

Ізтұрған, Мұнайлы ауданынан Ильяс Аманов, Ақтау қаласынан Айнуір Көшімбай танылып, орталықтың дипломдары және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Маңғыстау облысы білім басқармасының баспасөз қызметі